



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы

2018 жылғы 9 айдағы

Ақпан 2019

Бұл жарияланымды Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті дайындады. Жарияланымда Қазақстан Республикасының сыртқы секторының дамуындағы соңғы үрдістер көрсетіледі және елдің төлем балансына, халықаралық инвестициялық позициясына және сыртқы борышына байланысты статистикалық есептер, сондай-ақ осы есептерге талдамалық түсініктемелер берілген. Статистикалық есептер жан-жақты жасалған талдамалық кестелермен, сыртқы сектордың статистикасын жасау әдіснамасын және оны жасауға арналған ақпарат көздерін сипаттаумен толықтырылған. Жеке статистикалық қосымшалармен инвестициялардың түрлері бойынша халықаралық инвестициялардың қорлары мен ағындарының құрылымы берілген. Жарияланымның кезеңділігі тоқсан сайын – басылым ақпан, мамыр, тамыз және қараша айларында шығады. Үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығарылады.

Статистикалық деректер әдіснамасы өзгерген және (немесе) сыртқы экономикалық операциялар туралы қосымша ақпарат алған кезде бұрын жарияланған тарихи деректер қатары түзетілуі мүмкін. Регламентке сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы секторының статистикалық деректерін қайта қарау жылына екі рет – жарты жылдық және жылдық төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі есептерді жасау кезінде жүзеге асырылады және есепті жылдың алдындағы екі жылды қамтиды. Жаңартылған деректер жыл сайын мамырда және қарашада жарияланады.

Деректерді нақтылаудың негізгі көзі есептерді жасау кезінде қосымша түскен ақпаратты алу - валюталық операциялар туралы хабарлау және тіркеу шеңберінде алынған деректер, төлем балансы жөніндегі статистикалық есепті қоспағанда, басқа ақпарат көздерінен алынған деректермен салыстырған кезде статистикалық сәйкессіздіктерді анықтау, сондай-ақ ресми сауда статистикасының деректерін нақтылау болып табылады.

Осы жарияланымда келтірілген кестелердегі жекелеген жағдайларда деректерді дөңгелектеу салдарынан қорытындылар және қосылатын сома арасындағы соңғы разрядта шамалы айырмашылықтар болуы ықтимал.

Осы жарияланымға арналған статистикалық деректерді қалыптастыру күні - 2018 жылғы 31 желтоқсан. 2016-2017 жылдардағы деректерді соңғы жаңарту күні - 2018 жылғы 30 қыркүйек.

Ұсынылған статистикалық деректер бойынша қосымша ақпаратты Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінен алуға болады

мекен-жайы: 050040, Алматы қаласы, Көктем-3 ш/а, 21-үй

телефондары: (727) 270-46-40 (төлем балансы)

(727) 270-49-38 (халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш)

электрондық пошта: omi@nationalbank.kz

Төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция және сыртқы борыш жөніндегі стандартты және талдамалы түрде көрсетілген статистикалық есептерді, сондай-ақ осы есептерді жасауға арналған әдіснамалық түсініктемелерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz> веб-сайтынан алуға болады. Көрсетілген статистикалық есеп ҚҰБ-нің веб-сайтына есептік кезең аяқталғаннан кейін 90-шы күні қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырылады.

Мазмұны

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 9 айдағы төлем балансы.....	5
<i>Төлем балансына қосымшалар:</i>	
1. Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным.....	13
2. Қазақстан Республикасының төлем балансы: резиденттердің экономикалық секторлары бойынша.....	14
3. Қазақстан Республикасының төлем балансы стандарттық ұсыным, негізгі баптар.....	15
4. Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным	16
5. Қазақстан Республикасының төлем балансының абсолютті және салыстырмалы өлшемдері.....	24
I қосымша. Төлем балансына талдау қосымшалары	
I.1. Сыртқы сауда және сауда балансы.....	27
I.2. Халықаралық қызметтер балансы.....	30
I.3. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы және 2018 жылғы 9 айындағы сыртқы сауда айналымы	33
I.4. Ресми статистика деректері бойынша экспорттың және импорттың құрылымы	34
I.5. Ресми статистика деректері бойынша жекелеген тауарлардың экспорты бойынша бағаны және сандық жеткізулерді талдау.....	35
I.6. Ресми статистика деректері бойынша сыртқы сауданың географиялық құрылымы..	36
I.7. 2017-2018 жж. 9 айындағы бойынша кеңейтілген жіктеу бойынша ҚР-ның халықаралық қызмет балансы	37
I.8. Қызметтердің сыртқы саудасының географиялық құрылымы.....	39
I.9. Қазақстан Республикасының 2017-2018жж. 9 айдағы елдер бөлігіндегі қызмет түрлері бойынша қызметтермен сыртқы саудасы	40
I.10. Бастапқы кірістердің балансы	49
I.11. Қайталама кірістердің балансы	50
I.12. 2017-2018 жылдардағы 9 айдағы жеке трансферттер (жеке тұлғалардың ақша аударымдары)	51
I.13. Қаржы шотының ағындары (талдамалық ұсыну)	52
I.14. Қысқамерзімді капитал ағындары	53
I.15. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі/әкетуі	54
Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	55
<i>Халықаралық инвестициялық позицияға қосымшалар:</i>	
1. Қазақстанның халықаралық инвестициялық позициясы: стандарттық ұсыным	60
2. Резиденттердің экономика секторлары бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	64
3. Қазақстандық банктердің 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша резидент еместерге берген кредиттері бойынша берешек	65
4. Қазақстанның резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	66
5. Қазақстанның елдер бойынша халықаралық инвестициялық позициясы	68
6. Қазақстан резиденттерінің олардың экономикалық қызметі және негізгі елдер бойынша сыртқы міндеттемелері	72
II қосымша. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар	
II.1. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңнің соңындағы позиция.....	75
II.2. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі ағындар	76
II.3. Салым бағыты бойынша тікелей инвестициялар: кезеңдегі кірістер.....	77
II.4. Қазақстанға шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны.....	78

II.5. Қазақстанға шетел тікелей инвесторлардан әкелінген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны	80
II.6. Қазақстандық тікелей инвесторлардан әкетілген тікелей инвестициялардың резиденттердің экономикалық қызмет түрлері бойынша жалпы ағыны	82
II.7. Қазақстандық тікелей инвесторлардан әкетілген тікелей инвестициялардың елдер бойынша жалпы ағыны	84
Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 1 қазандағы сыртқы борышы	85
<i>Сыртқы борышқа қосымшалар:</i>	
1. Сыртқы борыш: стандарттық ұсыным	89
2. Сыртқы борыштың абсолюттік және салыстырмалы өлшемдері	91
3. 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жалпы сыртқы борышқа (ЖСБ) қызмет көрсету бойынша төлемдердің кестесі.....	92
4. Сыртқы борыштың жағдайы: қалған өтеу мерзімі бойынша қысқа мерзімді борыш, секторлар бойынша	93
5. Сыртқы борыштың жағдайы: ұлттық және шетел валютасындағы сыртқы борыш.....	95
6. Сыртқы борыштың жағдайы: шетел валютасындағы сыртқы борыш	96
7. Сыртқы борыштың жағдайы: Резиденттер шығарған және резидент еместерге тиесілі борыштық бағалы қағаздар, эмиссия орны бойынша.....	97
8. Елдер бойынша сыртқы борыш	98
9. Резиденттердің қызмет түрлері бойынша сыртқы борыш.....	101
10. Кеңейтілген айқындаудағы мемлекеттік сектордың сыртқы борышы.....	103
11. Кредитор және заем алушы секторлары бойынша сыртқы борыш.....	104
12. Сыйақы мөлшерлемелерінің түрі бойынша сыртқы борыш	105
13. Сыртқы борыштың жағдайы: Ағындар мен қорларды келісу	106
III қосымша. Статистикалық әдіснама	
IV.1. Төлем балансына және халықаралық инвестициялық позицияға әдіснамалық түсіндірме	107
IV.2. Қазақстанның төлем балансын және халықаралық инвестициялық позициясын жасаудың ақпараттық базасы	113
IV.3. Төлем балансының талдау индекстері мен бағалау көрсеткіштерін есептеу әдістемелері	119
IV.4. Сыртқы сектор статистикасының жаңа әдіснамасына өтуі туралы	123
IV.5. Қазақстан Республикасының сыртқы борыш көрсеткіштерінің халықаралық инвестициялық позициясының баптарына сәйкестігі	125

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2018 жылғы 9 айдағы ТӨЛЕМ БАЛАНСЫ

Төлем балансында белгіленген уақыт кезеңі үшін әлемдегі қалған елдермен елдің экономикалық операциялары (резиденттер және бейрезиденттер) жиынтық түрде көрсетіледі. Төлем балансының деректері нақты және қаржы ресурстарының барлық түрлерімен сыртқы экономикалық қатынастар динамикасында сипатталатын ағындардың экономикалық санатын білдіреді. Төлем балансында халықаралық операцияларды жүргізуге байланысты емес қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері құнының өзгерістері көрсетілмейді.


Ағымдағы операциялар шоты

2018 жылғы 9 айдағы **ағымдағы операциялар шотының** дефициті 2017 жылдың 9 айдағы көрсеткішпен салыстырғанда 4,6 млрд АҚШ долларынан (бұдан әрі – доллар) бастап 0,5 млрд доллар немесе ЖІӨ-ге 0,4%-ға дейін 10 есеге жуық қысқарды. Бұл ретте 2018 жылғы 3-тоқсанда ағымдағы операциялар шоты 0,2 млрд доллар профицитпен қалыптасты (1-диаграмма).

2018 жылғы 9 айда *brent* сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасы өткен жылғы осындай кезеңге қатысты орташа алғанда бір баррель үшін 72,3 АҚШ доллары (2017 жылғы 9 айда орташа алғанда бір баррель үшін 52,0) болып, 39,0%-ға ұлғайды. Нәтижесінде тауарлар экспорты 2017 жылғы 9 айдағы көрсеткішпен салыстырғанда 28,3%-ға немесе 10,0 млрд долларға ұлғайып, 45,4 млрд. доллар болды. Төлем балансының сыныптауышы бойынша тауарлар импорты 9,6%-ға ұлғайып, 25,5 млрд доллар болды. Экспорт өсімі қарқынының импорт өсіміне қарағанда үш есеге асып түсуі сауда балансы оң сальдосының 19,9 млрд долларға дейін ұлғаюына алып келді, бұл 2017 жылғы 9 айдағы ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда 64,2%-ға (12,1 млрд. доллар) көп.

Тауарлардың ресми экспорты 44,5 млрд. доллар болды, бұл 2017 жылғы 9 айдағы көрсеткіштен 28,4%-ға жоғары. Мұнай және газ конденсаты экспортының құны (ресми экспорттың жалпы құнының 62,7%-ы) 2017 жылғы 9 айдағы көрсеткішпен салыстырғанда нақты

1-диаграмма. Ағымдағы шоттың негізгі құрауыштары (млрд. АҚШ долл.)



жеткізілімдер көлемінің аздап ұлғаюы кезінде көбінесе келісімшарттық бағалардың өсімі есебінен 45,6%-ға өсті. Қара металдар экспорты 2,0%-ға аздап өсті, түсті металдар экспорты 6,3%-ға төмендеді. Астық экспорты 1,6 есе ұлғайды.

Тауарлардың ресми импорты 23,7 млрд долларды құрай отырып, 11,3%-ға ұлғайды. Импорт құнының ұлғаюы негізгі тауар номенклатурасының барлық топтары бойынша жүргізілді. Импорттың ең көп ұлғаюы инвестициялық тауарларды (ресми импорттың 36,8%-ы) 20,9%-ға әкелу бойынша орын алды. Аралық өнеркәсіп тұтыну тауарларының импорты 5,4%-ға өсті. Тұтынушылық тауарлар бойынша ресми импорттың құны 7,4%-ға ұлғайды, оның ішінде азық-түлік тауарларын әкелу 5,1%-ға, ал азық-түлікке жатпайтын тауарларын әкелу 8,9%-ға өсті.

Ресей мен Қытайдан (Қазақстанның негізгі сауда әріптестері) келетін импорт

2017 жылғы 9 аймен салыстырғанда тиісінше 7,5%-ға және 17,3%-ға ұлғайды. Жалпы импорттағы Ресейдің үлесі 39,4%-дан 38,0%-ға дейін (9,0 млрд доллар) қысқарып, Қытайдың үлесі 16,0%-дан 16,9%-ға дейін (4,0 млрд доллар) ұлғайды.

Халықаралық қызметтер балансының дефициті салыстырмалы кезең деңгейінде сақталып, 3,1 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл ретте, көрсетілетін қызметтер экспорты 8,1%-ға, ал импорт 4,8%-ға ұлғайды. Халықаралық қызметтердің сыртқы сауда айналымы 13,6 млрд долларға дейін 6,0%-ға ұлғайды.

Қызметтер экспорты 392 млн долларға ұлғайып, 5,2 млрд доллар болды. Қызметтер экспортының өсімі бейрезиденттердің Қазақстанға сапарына жұмсаған шығыстарының (қызметтер экспортының 28,8%-ы) 10,0%-ға немесе 137 млн долларға ұлғаюымен, сондай-ақ отандық әуе жолымен тасымалдаушылар кірістерінің 1,5 есе немесе 159 млн долларға өсуімен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ есептік кезеңде қазақстандық кәсіпорындардың жабдықтары мен вагондарын жалға алу бойынша бейрезиденттер шығыстарының 77,9%-ға немесе 71 млн долларға ұлғаюы тіркелді. Қызметтер экспортындағы ең көп үлесті (32,7%) құрайтын республиканың аумағы арқылы мұнай мен газ құбыры транзиті бойынша бейрезиденттерге отандық көлік компанияларының көрсететін қызметтері салыстырмалы кезеңдегі деңгейде сақталып, 1,7 млрд доллар болды.

Халықаралық қызметтер импорты 382 млн долларға ұлғайып, 8,3 млрд доллар болды. Халықаралық қызметтер импортының құрылымында қызметтер импортының жалпы көлемінен 44,8%-ды құрайтын және негізінен республика аумағындағы ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бейрезиденттердің қатысуына байланысты басқа да іскерлік қызметтердің шығыстары 20,6%-ға немесе 638 млн долларға өсті. Сондай-ақ бейрезиденттердің көліктік қызметтерін төлеуге жұмсаған резиденттер шығыстарының 14,6%-ға немесе 170 млн

долларға және шетелге сапарлардың 4,8%-ға немесе 67 млн долларға өсуі атап өтілді. Сонымен қатар, есепті кезеңде ірі инфрақұрылымдық жобалар мен көліктік-коммуникациялық инфрақұрылымның, оның ішінде еліміздің аумағы бойынша халықаралық транзиттік дәліз учаскесін қосқандағы бейрезиденттердің құрылыс қызметтеріне шығындардың 769 млн. долл. немесе 55,8% қысқаруы тіркелді.

Бастапқы кірістердің теріс сальдосы негізінен шетелдік тікелей инвесторлар кірістерінің өсуі есебінен 29,8%-ға ұлғайып, 17,2 млрд. долларды құрады, оның 60%-дан астамы олардың өздерінің Қазақстандағы еншілес кәсіпорындарын қаржыландыруға жұмсалды.

Елдің ресми резервтерінен (Ұлттық қордың резервтік активтерінен және шетелдік активтерінен) түсетін кірістердің көп бөлігі қалыптастырылатын резиденттердің инвестициялық салымдардан түскен кірістері 11,2%-ға ұлғайып, 1,9 млрд. долларды құрады.

Бейрезиденттерге инвестициялық кірістердің төлемі 28,7%-ға өсіп, 18,1 млрд долларды құрады. Резиденттердің экспорттық кірістерінің өсімі бейрезиденттердің тікелей инвестициялардан алатын кірістерінің 16,1 млрд долларға дейін 31,8%-ға ұлғаюын қамтамасыз етті. Оның ішінде 77,0%-ы бөлінбеген кірістер және дивидендтер түріндегі немесе шетелдік тікелей инвесторлардың қазақстандық кәсіпорындардың бөлінбеген пайдасындағы (немесе шығынындағы) (реинвестициялар деп аталатын) үлес түріндегі капиталға қатысудан түсетін кірістері құрады. Тікелей инвестициялау қатынастарымен байланысты емес кредиторларға сыйақы төлемі 9,1%-ға ұлғайып, 2,1 млрд. долларды құрады.

Қайталама кірістер балансы дәстүрлі түрде теріс сальдомен қалыптасты. Алайда есепті кезеңде қайталама кірістер 8,9 млн долларда (2017 жылғы 9 айда 324 млн доллармен теріс сальдо) жоғары емес оң сальдомен қалыптасты.

1-кесте

Қаржы шотының балансы (резервтік активтерді есептемегенде)

("+" – активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" – активтердің/міндеттемелердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2016 жылғы 9 ай	2017 жылғы 9 ай	2018 жылғы 9 ай
Қаржы шоты	-7178,5	-6556,2	1672,6
<i>Қаржы активтерін таза сатып алу</i>	<i>9 620,4</i>	<i>1 647,0</i>	<i>-2 064,8</i>
Тікелей инвестициялар	3326,5	2203,3	-3647,8
Портфельдік инвестициялар	1716,2	-5565,8	-1915,1
Туынды қаржы құралдары	-51,8	-29,0	71,6
Басқа инвестициялар	4629,5	5038,5	3426,5
<i>Міндеттемелерді таза қабылдау</i>	<i>16 798,9</i>	<i>8 203,1</i>	<i>-3 737,4</i>
Тікелей инвестициялар	14888,1	5086,6	1237,2
Портфельдік инвестициялар	-1032,8	2674,4	-4962,8
Туынды қаржы құралдары	-37,4	-152,3	-38,0
Басқа инвестициялар	2981,0	594,5	26,2

Қалыптасқан нәтиже бейрезидент жеке тұлғалардың пайдасына резидент жеке тұлғалардың ақша аударымдарының қысқаруына, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының пайдасына бейрезиденттерден келіп түсетін түсімдердің ұлғаюына негізделді. Сонымен қоса, қайталама кірістер балансының жақсаруына салыстырмалы кезеңмен салыстырғанда бейрезиденттерге қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының азаюы да ықпал етті.


Еуразиялық Экономикалық Одақ шеңберінде қайта бөлінген кедендік баж салықтарының Қазақстанға нетто-түсулері 25,4%-ға өсті.

Жеке тұлғалардың шетелге ақша аударымдары 16,3%-ға қысқарып, 797 млн долларды құрады. Ресей Федерациясына, Қытайға және АҚШ-қа ақша аударымдары бойынша төмендеу орын алды. Бұл ретте Қырғызстан мен Өзбекстанға аударымдар өсті. Жеке тұлғаларға шетелден аударымдар негізінен Корея Республикасынан жасалған ақша түсімдерінің есебінен 18,1%-ға өсті.

Қаржы шоты (Ұлттық Банктің резервтік активтерімен операцияларды қоспағанда)

Қаржы шотының оң сальдосы (сыртқы активтердің таза өзгеруі мен сыртқы міндеттемелердің таза өзгеруі

2-диаграмма. Қаржылық шоттың құрылымы
(млрд АҚШ доллары)



арасындағы айырма) 2018 жылғы 9 айда 1,7 млрд доллар (2017 жылғы 9 айда теріс сальдо 6,6 млрд доллар) болды. Міндеттемелердің төмендеуі активтердің қысқаруынан шамамен 2 есеге асып түсті (1-кесте), бұл қаржы операциялары бойынша капиталдың таза әкетілуін немесе «қалған елдерді таза кредиттеуді» қамтамасыз етті.

Резиденттердің экономика секторларының бөлігінде елден капиталдың таза әкетілуі 2018 жылғы 9 айда Орталық Банктің, Банктердің және Басқа секторлардың операцияларымен қамтамасыз етілді, Мемлекеттік басқару органдары секторы бойынша қаржы активтерінің төмендеуі іс жүзінде осы сектор міндеттемелерінің азаюымен теңгерімді болды (2-кесте).

2-кесте

Экономика секторлары бойынша қаржы шотының балансы

("+" - активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің/міндеттемелердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2016 жылғы 9 ай	2017 жылғы 9 ай	2018 жылғы 9 ай
Қаржы шоты (резервтік активтерді есептемегенде)	-7178,5	-6556,2	1672,6
<i>Орталық Банк</i>	99,6	-10,5	270,7
Қаржы активтерін таза сатып алу	-66,1	104,3	169,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	-165,7	114,8	-101,4
<i>Банктер</i>	1977,3	970,7	131,7
Қаржы активтерін таза сатып алу	1593,3	-202,9	-22,9
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	28,2	25,7	7,0
Міндеттемелерді таза қабылдау	-384,0	-1173,6	-154,6
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	172,9	76,1	335,1
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-95,8	-6625,9	-7,1
Қаржы активтерін таза сатып алу	206,9	-6684,4	-1243,1
Міндеттемелерді таза қабылдау	302,6	-58,5	-1236,0
<i>Басқа секторлар</i>	-9159,6	-890,5	1277,4
Қаржы активтерін таза сатып алу	7886,4	8429,9	-968,0
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	3263,0	2074,5	-3807,3
Міндеттемелерді таза қабылдау	17045,9	9320,4	-2245,4
<i>оның ішінде тікелей инвестициялау операциялары бойынша</i>	14715,3	5010,5	902,1

Инвестициялардың түрлері бойынша қаржылық шот құрылымында капиталдың таза әкелінуі тікелей инвестициялар бойынша ғана, ал ресурстардың нетто-әкетілуі портфельдік, басқа орта және ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді инвестициялар бойынша тіркелді (2-диаграмма).

Тікелей инвестициялар

Шетелдік тікелей инвестициялар (ШТИ) бойынша капиталдың таза әкелінуі (теріс сальдо) 4,9 млрд доллар болды (2017 жылғы 9 айда 2,9 млрд доллар) және ол резиденттер активтерінің қысқаруымен және міндеттемелерінің өсуімен қамтамасыз етілді (3-кесте).

ШТИ операциялары бойынша қаржы активтерінің таза төмендеуі 3,6

млрд АҚШ долларын құрады және ол, негізінен, шетелдік үлестес компаниялардың Қазақстанның кәсіпорындары алдындағы өздерінің борыштық міндеттемелерін өтеуіне, сондай-ақ бейрезиденттердің Қазақстан резиденттерінің пайдасына төлем балансының сыныптауышы бойынша капиталды алу ретінде қаралатын ірі дивидендтер (супердивидендтер деп аталатын) төлеуіне байланысты болды.

ШТИ бойынша міндеттемелерді таза қабылдау 2017 жылғы 9 айдағы 5,1 млрд доллармен салыстырғанда 1,2 млрд долларды құрады. Міндеттемелердің ұлғаюы 5,4 млрд доллар мөлшеріндегі кірістерді қайта инвестициялау есебінен қамтамасыз етілді.

3-кесте

Тікелей инвестициялар балансы

("+" - активтердің/міндеттемелердің ұлғаюы; "-" - активтердің/міндеттемелердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2016 жылғы 9 ай	2017 жылғы 9 ай	2018 жылғы 9 ай
Тікелей инвестициялар (нетто)	-11561,6	-2883,3	-4885,0
<i>активтер/міндеттемелер қағидаты бойынша</i>			
қаржы активтерін таза сатып алу	3326,5	2203,3	-3647,8
міндеттемелерді таза қабылдау	14888,1	5086,6	1237,2
<i>«салым бағыты» қағидаты бойынша</i>			
шетелге тікелей инвестициялар (таза әкетілу)	-5 639,1	1 444,1	-482,1
Қазақстанға тікелей инвестициялар (таза әкеліну)	5 922,5	4 327,4	4 402,9
Анықтама үшін:			
Қазақстанға шетелдік тікелей инвесторлардан тікелей инвестициялардың жалпы әкелінуі	15 011,5	16 001,2	17 338,7
Қазақстанның тікелей инвесторларынан шетелге тікелей инвестициялардың жалпы әкетілуі	3 182,6	1 661,6	973,7

Сонымен бірге, бейрезиденттерге едәуір супердивидендтер төлеу капиталды алуға алып келді және резиденттердің ШТИ операциялары бойынша міндеттемелерінің өсуін өтеді. Бұдан басқа есепті кезеңде Қазақстан кәсіпорындарының үлестес тұлғалар алдындағы фирмааралық берешекті өтегені тіркелді.

«Салым бағыттары» қағидаты бойынша есепке алынған Қазақстанға ШТИ жалпы әкелінуі 2018 жылғы 9 айда 17,3 млрд долларды құрады, ол 2017 жылғы 9 айдағы көрсеткіштен 8,4%-ға артық. ШТИ жалпы әкелінуінің жартысынан көбін (52,8%) өңделмеген мұнай мен табиғи газды өндіруге арналған салымдар құрайды, олар 9,2 млрд долларға дейін 17,1%-ға ұлғайды. Металлургия өнеркәсібіне ШТИ салымдары (ШТИ жалпы әкелінуінің 13,4%-ы) 29,5-ға төмендеп, 2,3 млрд долларды құрады, көтерме және бөлшек саудаға, автокөлік құралдарын жөндеуге ШТИ салымдары (ШТИ жалпы

әкелінуінің 15,2%-ы) 2,7 млрд долларға дейін 9,4%-ға ұлғайды.

Елдер бойынша ШТИ-дің жалпы әкеліну құрылымында Нидерланд (ШТИ жалпы түсімдерінен 27,4%) басым болып келеді, одан кейін АҚШ (22,8%), Швейцария (13,0%), Ресей Федерациясы (6,8%), Қытай (6,7%), Бельгия (5,4%), Франция (4,1%), Ұлыбритания (2,6%) және Корея Республикасы (1,9%) тұр.

Портфельдік инвестициялар және туынды қаржы құралдары

Портфельдік инвестициялар бойынша оң сальдо (нетто-әкетілу) 2018 жылғы 9 айда портфельдік инвестициялар құрамындағы міндеттемелердің біршама қысқаруы есебінен 3,0 млрд долларды құрады (4-кесте).

Портфельдік инвестициялар бойынша қаржы активтері 1,9 млрд долларға қысқарды, ол негізінен резиденттердің шетелдік бағалы қағаздарды сатуына байланысты болды.

4-кесте

Экономика секторлары бөлігінде портфельдік инвестициялар бойынша операциялар

млн АҚШ доллары

	2018 жылғы 9 ай	2017 жылғы 9 ай	2016 жылғы 9 ай
Қаржы активтерін таза сатып алу	1716,2	-5565,8	-1915,1
<i>Орталық Банк</i>	22,5	0,0	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	22,5	0,0	0,0
<i>Банктер</i>	-96,1	398,1	-171,6
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	0,0	-0,3	0,0
Борыштық бағалы қағаздар	-96,1	398,4	-171,6
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	868,5	-6916,5	-2605,5
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	642,3	811,4	-82,5
Борыштық бағалы қағаздар	226,1	-7727,9	-2523,0
<i>Басқа секторлар</i>	921,3	952,6	862,0
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	-26,4	262,7	-43,4
Борыштық бағалы қағаздар	947,7	689,9	905,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	-1032,8	2674,4	-4962,8
<i>Орталық Банк</i>	120,0	157,5	-88,5
Борыштық бағалы қағаздар	120,0	157,5	-88,5
<i>Банктер</i>	-363,9	-1045,5	-98,5
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	-10,3	-15,1	-2,5
Борыштық бағалы қағаздар	-353,6	-1030,4	-96,0
<i>Мемлекеттік басқару органдары</i>	-693,3	93,4	-1004,0
Борыштық бағалы қағаздар	-693,3	93,4	-1004,0
<i>Басқа секторлар</i>	-95,6	3469,1	-3771,8
Капиталға қатысу құралдары және инвестициялық қорлардағы үлестер	-11,9	-24,7	-1821,9
Борыштық бағалы қағаздар	-83,7	3493,7	-1949,9
Портфельдік инвестициялар балансы	2749,0	-8240,2	3047,8

Портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелер 5,0 млрд долларға азайды. Портфельдік инвестициялар бойынша міндеттемелердің төмендеуі ағымдағы жылдың басында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өңдеу» АҚ-тың өз акциялары мен ғаламдық депозитарлық қолхаттарын сатып алуы және Қазақстанның кәсіпорындары мен банктерінің өздері бұрын шығарған еурооблигацияларын өтеуі нәтижесінде қалыптасты. Сонымен қатар резиденттер міндеттемелерінің азаюына резиденттердің қайталама нарықта ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигацияларын сатып алуы ықпал етті.

Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша оң сальдо 2017 жылғы 9 айдағы 123 млн доллармен салыстырғанда 110 млн доллар болды.

Қазақстан банктері мен қаржылық емес ұйымдары туынды құралдарымен операциялар жасады, сондай-ақ ол Ұлттық қордың активтерімен де жасалды.

Басқа инвестициялар

Басқа инвестициялар бабы бойынша тіркелетін операциялар бойынша оң сальдо міндеттемелердің 26 млн долларға аздап ұлғаюы кезінде активтердің 3,4 млрд долларға өсуі нәтижесінде 3,4 млрд доллар болып қалыптасты.

Банктер, Мемлекеттік басқару органдары мен Басқа секторлар бейрезиденттерден бұдан бұрын алған кредиттері мен қарыздарын өтеуі есебінен орта және ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелер 1,1 млрд долларға қысқарды (5-кесте).

5-кесте

«Басқа инвестициялар» бабында көрсетілген резиденттердің міндеттемелерді таза қабылдауы

("+" – міндеттемелердің өсуі, "-" – міндеттемелердің төмендеуі)

млн АҚШ доллары

	2016 жылғы 9 ай	2017 жылғы 9 ай	2018 жылғы 9 ай
Капиталға қатысудың басқа құралдары	1,0	1,8	-0,3
Басқа секторлар	1,0	1,8	-0,3
Орта және ұзақ мерзімді инвестициялар	2393,5	-180,8	-1078,2
Орталық Банк	-223,6	-37,2	-10,0
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-223,9	-37,2	-10,0
Басқа да міндеттемелер	0,3	0,0	0,0
Банктер	-152,9	-259,4	-748,0
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-21,2	23,7	-8,7
Кредиттер мен қарыздар	-131,7	-283,1	-739,3
Мемлекеттік басқару органдары	1000,2	-154,4	-237,4
Кредиттер мен қарыздар	1037,5	-153,2	-237,4
Басқа да міндеттемелер	-37,3	-1,1	0,0
Басқа секторлар	1769,6	270,1	-82,9
Сақтандыру, зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдіктер бағдарламалары	10,7	9,3	-9,4
Кредиттер мен қарыздар	1595,0	386,3	-293,2
Сауда кредиттері мен аванстар	-115,3	-94,0	219,3
Басқа да міндеттемелер	279,3	-31,4	0,5
Қысқа мерзімді инвестициялар	586,6	773,5	1104,8
Орталық Банк	-62,1	-5,4	-2,9
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-63,4	-3,6	-4,3
Сауда кредиттері мен аванстар	0,0	-1,8	1,4
Басқа да міндеттемелер	1,3	0,0	0,0
Банктер	-1,8	201,8	360,8
Қолма-қол валюта мен депозиттер	53,6	145,7	208,7
Кредиттер мен қарыздар	-55,9	18,4	50,9
Басқа да міндеттемелер	0,5	37,6	101,2
Мемлекеттік басқару органдары	-4,3	2,5	5,4
Сауда кредиттері мен аванстар	-4,3	2,5	5,4
Басқа секторлар	654,7	574,6	741,5
Кредиттер мен қарыздар	185,8	84,7	184,8
Сауда кредиттері мен аванстар	221,2	456,5	552,1
Басқа да міндеттемелер	247,7	33,4	4,6

6-кесте

**"Басқа инвестициялар" бабында көрсетілген
резиденттердің қаржы активтерін таза сатып алуы**

("+" – активтердің ұлғаюы, "-" – активтердің азаюы)

млн АҚШ доллары


	2016 жылғы 9 ай	2017 жылғы 9 ай	2018 жылғы 9 ай
Орталық Банк	-124,0	1,2	16,7
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-248,7	-43,8	9,0
Кредиттер мен қарыздар	124,7	45,0	7,7
Банктер	1665,6	-608,6	100,6
Қолма-қол валюта мен депозиттер	1932,9	-764,1	370,4
Кредиттер мен қарыздар	-314,1	-25,0	-368,3
Басқа да талаптар	46,9	180,5	98,5
Мемлекеттік басқару органдары	-639,3	244,4	1332,3
Капиталға қатысудың басқа да құралдары	38,1	35,6	29,5
Қолма-қол валюта мен депозиттер	-674,8	104,7	1313,7
Кредиттер мен қарыздар	0,2	-6,3	-4,6
Сауда кредиттері мен аванстар	-3,1	110,4	-6,3
Басқа да талаптар	0,3	0,0	0,0
Басқа секторлар	3727,2	5401,4	1976,7
Капиталға қатысудың басқа да құралдары	-32,7	3,2	2,3
Қолма-қол валюта мен депозиттер	5774,3	3598,9	-2490,8
Кредиттер мен қарыздар	-325,2	128,5	134,2
Сауда кредиттері мен аванстар	-118,9	60,2	1600,4
Басқа да талаптар	-1570,3	1610,6	2730,7
Қаржы активтерін таза сатып алу, барлығы	4629,5	5038,5	3426,3

Қысқа мерзімді инвестициялар бойынша міндеттемелердің 1,1 млрд долларға ұлғаюы Басқа секторлардың бейрезиденттер алдындағы кредиттері мен қарыздары бойынша кредиторлық берешектері мен міндеттемелері ұлғаюына, сондай-ақ бейрезиденттердің Қазақстан банктеріндегі шоттарындағы қаражаты өсуіне байланысты болды.

Басқа инвестициялар бабы бойынша қаржы активтері Ұлттық Қордың шетелдегі шоттарындағы қысқа мерзімді активтерінің өсуі, сондай-ақ банктік емес ұйымдардың дебиторлық берешегінің және халықтың қолындағы қолма-қол шетел валютасының (ҚШВ) ұлғаюы (төлем балансында сыныпталмаған жеке тұлғалардың ҚШВ-мен операцияларына қатысты Ұлттық Банктің бағалауы) есебінен 3,4 млрд долларға ұлғайды (6-кесте).

Жеке сектордың капиталды таза әкелуіне/әкетуіне жеке сектордың қаржы шотында тіркелген операциялары, сондай-ақ төлем балансының баптары бойынша сыныпталмаған операциялар (қателер мен жіберулер) кіреді. 2018 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша жеке сектордың капиталды таза әкетуі 2017 жылғы 9

3-диаграмма. Жеке сектордың капиталды таза әкелуі(+)/әкетуі (-) (млрд АҚШ доллары)



айдағы 1,9 млрд доллармен салыстырғанда 297 млн долларды құрады (3-диаграмма).

Банктердің операциялары бойынша капиталды 132 млн доллар мөлшерінде таза әкету олардың кредиттер мен қарыздар бойынша міндеттемелердің бұрын шығарылған еурооблигацияларын өтеуі нәтижесінде олардың міндеттемелерінің азаюына байланысты болды. Банктік емес сектор бойынша капиталды таза әкету 165 млн долларын құрады және портфель инвестициялары

бойынша міндеттемелерді өтеу қамтамасыз етілді.

Резервтік активтер

Төлем балансының операциялары бойынша *резервтік активтер* 0,9 млрд долларға қысқарды. Активтердің қысқаруына екінші деңгейдегі банктермен операциялар бойынша валюталық-пайыздық своптарды басымдықпен өтеу себеп болды. Сонымен қатар, Қазақстандық өндірушілерден сатып алу салдарынан монетарлық алтын құнының өсуі халықаралық резервтердің азаюын ішінара өтеді. Осылайша 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша халықаралық резервтер (Ұлттық Қордың активтерін қоспағанда) 30,0 млрд долларды құрады (2018 жылдың басында 30,7 млрд доллар болды), бұл қазақстандық тауарлар мен қызметтер импортының 7,9 айын қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының төлем балансы: талдамалық ұсыным

(млн. АҚШ долл.)

	2016	2017	2017				2018 9 ай	2018		
			I	II	III	IV		I	II	III
Ағымдағы операциялардың шоты	-8 885,0	-5 389,5	-1 457,7	-1 501,7	-1 676,9	-753,2	-487,6	-604,2	-63,7	180,3
Сауда балансы	9 193,2	17 347,5	4 297,0	4 204,3	3 586,7	5 259,5	19 854,5	6 393,5	6 611,0	6 850,0
Экспорт	37 262,5	49 454,9	11 022,6	12 529,6	11 800,1	14 102,5	45 358,9	14 167,5	15 245,1	15 946,2
Импорт	28 069,3	32 107,3	6 725,6	8 325,3	8 213,4	8 843,0	25 504,4	7 774,1	8 634,1	9 096,2
Қызмет балансы	-4 756,0	-4 418,7	-931,6	-1 083,0	-1 112,8	-1 291,2	-3 117,2	-918,8	-998,5	-1 199,9
Экспорт	6 306,8	6 439,0	1 463,2	1 629,2	1 743,0	1 603,6	5 227,2	1 502,5	1 820,3	1 904,5
Импорт	11 062,8	10 857,6	2 394,7	2 712,2	2 855,8	2 894,8	8 344,5	2 421,3	2 818,8	3 104,3
Бастапқы кірістер балансы	-12 928,8	-17 861,5	-4 727,8	-4 511,3	-4 034,1	-4 588,3	-17 233,8	-6 049,8	-5 645,8	-5 538,2
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 232,7	-1 327,1	-304,5	-321,5	-334,7	-366,4	-1 064,2	-320,2	-357,6	-386,4
Инвестициялық кірістер	-11 835,8	-16 669,5	-4 457,1	-4 223,5	-3 733,2	-4 255,7	-16 270,9	-5 763,4	-5 322,0	-5 185,5
Алынатын кірістер	2 112,6	2 309,3	515,4	576,6	585,4	631,9	1 864,9	584,4	632,9	647,6
Тікелей инвестициялардан кірістер	597,8	795,5	163,3	199,5	197,3	235,4	496,8	156,2	156,0	184,6
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 084,7	1 031,4	251,1	267,4	251,4	261,5	908,0	287,1	326,2	294,8
Басқа инвестициялардан кірістер	430,0	482,4	101,0	109,7	136,8	134,9	460,1	141,2	150,7	168,2
<i>o.i. резервтер мен Ұлттық қордың активтері бойынша сыйақы</i>	1 119,8	1 161,1	269,9	299,3	295,2	296,7	991,9	313,4	355,0	323,5
Төленетін кірістер	13 948,4	18 978,8	4 972,5	4 800,1	4 318,6	4 887,6	18 135,8	6 347,8	5 954,8	5 833,1
Тікелей инвестициялардан кірістер	11 594,4	16 419,1	4 370,8	4 140,9	3 670,1	4 237,3	16 052,9	5 666,4	5 230,6	5 156,0
Портфельдік инвестициялардан кірістер	1 191,0	1 198,5	273,6	329,5	288,3	307,2	957,9	302,4	376,0	279,5
Басқа инвестициялардан кірістер	1 163,0	1 361,2	328,0	329,8	360,2	343,1	1 124,9	379,1	348,3	397,6
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	139,8	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	101,3	33,8	33,8	33,8
Қайталама кірістер балансы	-393,3	-456,9	-95,4	-111,7	-116,7	-133,1	8,9	-29,1	-30,3	68,3
Капиталмен операциялар шотының балансы	269,6	288,1	12,3	254,5	13,5	7,9	175,2	55,3	104,9	15,0
Қаржылық шот (ҚҰБ резервтік активтерін алып тастағанда)	-8 545,8	-6 018,3	-1 826,9	-746,4	-3 982,9	537,9	1 672,6	876,1	461,7	334,9
Тікелей инвестициялар	-13 426,1	-3 697,7	-1 950,6	-1 213,1	280,4	-814,4	-4 885,0	-3 487,4	-593,1	-804,5
Қаржылық активтерді таза алу	3 474,6	956,5	458,7	1 035,0	709,6	-1 246,8	-3 647,8	-2 506,2	-868,2	-273,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	16 900,7	4 654,2	2 409,3	2 248,1	429,2	-432,4	1 237,2	981,2	-275,1	531,0
Портфельдік инвестициялар	746,2	-5 398,3	1 229,3	-3 362,0	-6 107,5	2 841,9	3 047,8	1 642,6	374,4	1 030,8
Қаржылық активтерді таза алу	-1 250,2	-3 246,9	1 378,3	-1 507,9	-5 436,3	2 318,9	-1 915,1	124,8	-738,4	-1 301,4
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-2 609,5	-5 803,8	967,3	-1 057,1	-6 826,7	1 112,6	-2 605,5	-380,1	-20,4	-2 205,0
Банктер	150,6	872,2	-43,4	172,4	269,1	474,1	-171,6	-37,9	-125,4	-8,2
Басқа секторлар	1 208,6	1 684,7	454,4	-623,2	1 121,4	732,1	862,0	542,8	-592,6	911,8
Міндеттемелерді таза қабылдау	-1 996,4	2 151,4	149,0	1 854,1	671,3	-523,0	-4 962,8	-1 517,8	-1 112,8	-2 332,2
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-795,0	-83,2	404,8	-42,8	-111,2	-334,1	-1 092,5	273,4	-901,3	-464,6
Банктер	-911,9	-836,6	-379,9	-588,3	-77,3	209,0	-98,5	-100,6	-11,7	13,7
Басқа секторлар	-289,5	3 071,2	124,2	2 485,2	859,7	-397,9	-3 771,8	-1 690,7	-199,9	-1 881,3
Туынды қаржы құралдары (нетто)	-24,8	115,5	83,9	59,8	-20,4	-7,8	109,6	0,5	71,6	37,4
Басқа инвестициялар	4 159,0	2 962,3	-1 189,6	3 768,9	1 864,6	-1 481,8	3 400,2	2 720,4	608,7	71,1
Капиталға қатысушы басқа құралдар (нетто)	-24,2	37,0	35,4	1,7	0,0	-0,1	32,2	29,5	0,6	2,1
Орта- және ұзақ мерзімді борыштық құралдар	-4 219,9	-468,1	-143,8	887,3	-937,7	-273,9	1 218,4	327,7	-15,4	906,1
Қаржылық активтерді таза алу	-1 520,9	-419,4	-319,6	245,3	-300,7	-44,4	140,2	-55,3	-136,4	331,9
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-188,8	-33,6	-14,4	-2,3	-10,6	-6,3	-5,9	0,8	-1,9	-4,8
Банктер	-316,1	-44,9	26,2	-10,6	-19,1	-41,4	-35,6	-46,3	15,7	-5,0
Басқа секторлар	-1 016,0	-340,8	-331,4	258,2	-271,0	3,3	181,7	-9,7	-150,2	341,7
Міндеттемелерді таза қабылдау	2 698,9	48,7	-175,8	-642,0	637,0	229,5	-1 078,2	-383,0	-121,0	-574,2
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	842,6	-177,1	-97,3	-48,7	-45,6	14,5	-247,4	-99,7	-69,7	-78,0
Банктер	52,9	-235,2	-281,2	-48,1	69,9	24,2	-748,0	-420,3	33,9	-361,5
Басқа секторлар	1 803,4	460,9	202,7	-545,2	612,7	190,8	-82,9	137,0	-85,2	-134,7
Қысқа мерзімді борыштық құралдар	8 403,0	3 393,4	-1 081,2	2 879,9	2 802,4	-1 207,8	2 149,6	2 363,2	623,6	-837,1
Қаржылық активтерді таза алу	8 593,9	4 325,4	-950,1	3 090,7	3 234,0	-1 049,2	3 254,4	2 230,3	1 154,4	-130,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	191,0	932,1	131,1	210,8	431,6	158,6	1 104,8	-132,8	530,8	706,8
Қателер және қалып қойғандар	-2,2	-2 534,3	-942,4	187,0	-1 027,2	-751,7	1 112,2	531,8	331,0	249,4
Жалпы баланс	71,7	1 617,4	561,0	313,8	-1 292,3	2 034,9	872,9	893,1	89,5	-109,7
Қаржыландыру	-71,7	-1 617,4	-561,0	-313,8	1 292,3	-2 034,9	-872,9	-893,1	-89,5	109,7
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-71,7	-1 617,4	-561,0	-313,8	1 292,3	-2 034,9	-872,9	-893,1	-89,5	109,7
ХВҚ-тің кредиттері	0,0	0,0					0,0			
Айрықша қаржыландыру	0,0	0,0					0,0			

Қазақстан Республикасының төлем балансы: резиденттердің экономикалық секторлары бойынша

(млн.АҚШ доллары)

	2016	2017					2018 9 ай	2018		
		2017	I	II	III	IV		I	II	III
Ағымдағы операциялардың шоты	-8 885,0	-5 389,5	-1 457,7	-1 501,7	-1 676,9	-753,2	-487,6	-604,2	-63,7	180,3
Сауда балансы	9 193,2	17 347,5	4 297,0	4 204,3	3 586,7	5 259,5	19 854,5	6 393,5	6 611,0	6 850,0
Экспорт	37 262,5	49 454,9	11 022,6	12 529,6	11 800,1	14 102,5	45 358,9	14 167,5	15 245,1	15 946,2
Импорт	28 069,3	32 107,3	6 725,6	8 325,3	8 213,4	8 843,0	25 504,4	7 774,1	8 634,1	9 096,2
Қызмет балансы	-4 756,0	-4 418,7	-931,6	-1 083,0	-1 112,8	-1 291,2	-3 117,2	-918,8	-998,5	-1 199,9
Экспорт	6 306,8	6 439,0	1 463,2	1 629,2	1 743,0	1 603,6	5 227,2	1 502,5	1 820,3	1 904,5
Импорт	11 062,8	10 857,6	2 394,7	2 712,2	2 855,8	2 894,8	8 344,5	2 421,3	2 818,8	3 104,3
Бастапқы кірістер балансы	-12 928,8	-17 861,5	-4 727,8	-4 511,3	-4 034,1	-4 588,3	-17 233,8	-6 049,8	-5 645,8	-5 538,2
Еңбекақы төлеу (нетто)	-1 232,7	-1 327,1	-304,5	-321,5	-334,7	-366,4	-1 064,2	-320,2	-357,6	-386,4
Инвестициялық кірістер	-11 835,8	-16 669,5	-4 457,1	-4 223,5	-3 733,2	-4 255,7	-16 270,9	-5 763,4	-5 322,0	-5 185,5
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	754,6	754,9	155,5	227,6	172,3	199,5	637,0	182,8	252,0	202,3
Алынатын кірістер	1 123,0	1 184,6	270,1	322,1	295,7	296,8	992,3	313,5	355,0	323,7
Төленетін кірістер	368,4	429,6	114,6	94,5	123,3	97,3	355,3	130,8	103,1	121,4
Банктер	-527,3	-547,5	-115,2	-199,9	-114,5	-117,9	-471,2	-193,3	-173,0	-104,8
Алынатын кірістер	158,5	122,8	30,7	25,3	30,3	36,4	120,1	24,6	37,1	58,5
Төленетін кірістер	685,8	670,3	145,8	225,2	144,8	154,4	591,3	217,9	210,1	163,3
Басқа секторлар	-12 063,1	-16 876,9	-4 497,4	-4 251,2	-3 791,0	-4 337,2	-16 436,7	-5 752,9	-5 400,9	-5 283,0
Алынатын кірістер	831,2	1 002,0	214,7	229,2	259,4	298,7	752,5	246,3	240,8	265,4
Төленетін кірістер	12 894,3	17 878,9	4 712,1	4 480,4	4 050,4	4 635,9	17 189,2	5 999,2	5 641,6	5 548,4
Басқа бастапқы кірістер (нетто)	139,8	135,0	33,8	33,8	33,8	33,8	101,3	33,8	33,8	33,8
Қайталама кірістер балансы	-393,3	-456,9	-95,4	-111,7	-116,7	-133,1	8,9	-29,1	-30,3	68,3
Капиталмен операциялар шотының балансы	269,6	288,1	12,3	254,5	13,5	7,9	175,2	55,3	104,9	15,0
Қаржылық шот	-8 617,6	-7 635,7	-2 387,9	-1 060,2	-2 690,6	-1 497,0	799,7	-17,1	372,2	444,6
ҚР Үкіметі және ҚР Ұлттық Банкі	-1 877,0	-7 378,7	-385,5	-1 522,0	-4 311,3	-1 159,8	-609,4	-655,5	1 257,2	-1 211,1
Қаржылық активтерді таза алу	-1 932,4	-7 641,3	-81,2	-1 611,8	-4 469,5	-1 478,8	-1 946,8	-487,2	289,8	-1 749,4
Тікелей инвестициялар	55,3	112,3	43,4	31,1	28,6	9,2	152,5	42,7	17,7	92,2
Портфельдік инвестициялар	-2 609,5	-5 803,8	967,3	-1 057,1	-6 826,7	1 112,6	-2 605,5	-380,1	-20,4	-2 205,0
Туынды қаржы құралдары	12,8	-12,8	-32,0	29,9	-10,2	-0,5	30,1	0,0	30,1	0,0
Басқа инвестициялар	680,8	-319,6	-499,1	-301,8	1 046,5	-565,2	1 349,1	743,3	352,0	253,7
ҚҰБ-нің резервтік активтері	-71,7	-1 617,4	-561,0	-313,8	1 292,3	-2 034,9	-872,9	-893,1	-89,5	109,7
Міндеттемелерді таза қабылдау	-55,4	-262,6	304,3	-89,8	-158,2	-319,0	-1 337,4	168,3	-967,4	-538,3
Портфельдік инвестициялар	-795,0	-83,2	404,8	-42,8	-111,2	-334,1	-1 092,5	273,4	-901,3	-464,6
Туынды қаржы құралдары	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Басқа инвестициялар	739,6	-179,4	-100,5	-47,0	-47,0	15,1	-244,9	-105,1	-66,1	-73,7
Банктер	2 633,4	1 018,0	-557,9	1 007,7	520,9	47,3	131,7	535,1	-907,8	504,5
Қаржылық активтерді таза алу	1 770,6	50,2	-1 237,2	366,0	668,3	253,1	-22,9	235,3	-636,7	378,5
Тікелей инвестициялар	28,1	37,9	6,0	19,5	0,1	12,3	7,0	-1,9	1,2	7,7
Портфельдік инвестициялар	150,6	872,2	-43,4	172,4	269,1	474,1	-171,6	-37,9	-125,4	-8,2
Туынды қаржы құралдары	-9,9	-20,6	-9,8	5,7	-13,9	-2,6	41,0	57,9	-33,7	16,8
Басқа инвестициялар	1 601,8	-839,3	-1 190,0	168,4	413,0	-230,8	100,7	217,3	-478,8	362,2
Міндеттемелерді таза қабылдау	-862,8	-967,8	-679,3	-641,7	147,4	205,8	-154,6	-299,7	271,1	-126,0
Тікелей инвестициялар	198,9	109,3	19,2	-9,9	66,8	33,2	335,1	141,1	149,3	44,7
Портфельдік инвестициялар	-911,9	-836,6	-379,9	-588,3	-77,3	209,0	-98,5	-100,6	-11,7	13,7
Туынды қаржы құралдары	1,9	-137,4	-123,6	-20,2	-2,7	9,1	-4,0	74,4	-68,9	-9,5
Басқа инвестициялар	-151,7	-103,1	-195,1	-23,2	160,6	-45,5	-387,2	-414,7	202,4	-174,8
Басқа секторлар	-9 374,0	-1 275,0	-1 444,5	-545,9	1 099,8	-384,5	1 277,4	103,4	22,8	1 151,2
Қаржылық активтерді таза алу	9 343,0	7 596,5	1 318,7	3 835,2	3 275,9	-833,4	-968,0	-759,8	-334,0	125,8
Тікелей инвестициялар	3 391,3	806,3	409,2	984,4	680,8	-1 268,2	-3 807,3	-2 546,9	-887,1	-373,3
Портфельдік инвестициялар	1 208,6	1 684,7	454,4	-623,2	1 121,4	732,1	862,0	542,8	-592,6	911,8
Туынды қаржы құралдары	-25,0	1,8	0,5	0,9	0,0	0,4	0,5	-0,1	0,5	0,1
Басқа инвестициялар	4 768,1	5 103,7	454,6	3 473,1	1 473,7	-297,7	1 976,7	1 244,4	1 145,1	-412,8
Міндеттемелерді таза қабылдау	18 716,9	8 871,5	2 763,2	4 381,1	2 176,1	-448,9	-2 245,4	-863,2	-356,8	-1 025,4
Тікелей инвестициялар	16 701,8	4 544,9	2 390,1	2 258,1	362,4	-465,6	902,1	840,1	-424,4	486,3
Портфельдік инвестициялар	-289,5	3 071,2	124,2	2 485,2	859,7	-397,9	-3 771,8	-1 690,7	-199,9	-1 881,3
Туынды қаржы құралдары	0,9	-9,8	-1,7	-3,1	-1,0	-4,0	-33,9	-17,1	-5,8	-11,0
Басқа инвестициялар	2 303,8	1 265,1	250,7	-359,0	955,0	418,5	658,3	4,4	273,3	380,6
Қателер және қалып қойғандар	-2,2	-2 534,3	-942,4	187,0	-1 027,2	-751,7	1 112,2	531,8	331,0	249,4

Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным, негізгі баптар

(млн.АҚШ доллары)

	2016	2017					2018 9 ай	2018		
		2017	I	II	III	IV		I	II	III
Ағымдағы операциялардың шоты	-8 885,0	-5 389,5	-1 457,7	-1 501,7	-1 676,9	-753,2	-487,6	-604,2	-63,7	180,3
Тауарлар	9 193,2	17 347,5	4 297,0	4 204,3	3 586,7	5 259,5	19 854,5	6 393,5	6 611,0	6 850,0
Кредит (Экспорт)	37 262,5	49 454,9	11 022,6	12 529,6	11 800,1	14 102,5	45 358,9	14 167,5	15 245,1	15 946,2
Дебет (Импорт)	28 069,3	32 107,3	6 725,6	8 325,3	8 213,4	8 843,0	25 504,4	7 774,1	8 634,1	9 096,2
Қызметтер	-4 756,0	-4 418,7	-931,6	-1 083,0	-1 112,8	-1 291,2	-3 117,2	-918,8	-998,5	-1 199,9
Кредит (Экспорт)	6 306,8	6 439,0	1 463,2	1 629,2	1 743,0	1 603,6	5 227,2	1 502,5	1 820,3	1 904,5
Дебет (Импорт)	11 062,8	10 857,6	2 394,7	2 712,2	2 855,8	2 894,8	8 344,5	2 421,3	2 818,8	3 104,3
Бастапқы кірістер	-12 928,8	-17 861,5	-4 727,8	-4 511,3	-4 034,1	-4 588,3	-17 233,8	-6 049,8	-5 645,8	-5 538,2
Кредит (алуға)	2 256,3	2 448,3	550,1	611,4	620,1	666,6	1 969,1	619,2	667,6	682,4
Дебет (төлеуге)	15 185,0	20 309,8	5 278,0	5 122,6	4 654,2	5 255,0	19 202,9	6 669,0	6 313,4	6 220,5
Қайталама кірістер	-393,3	-456,9	-95,4	-111,7	-116,7	-133,1	8,9	-29,1	-30,3	68,3
Кредит (алуға)	1 596,4	1 880,5	370,5	488,5	497,2	524,2	1 515,3	424,9	540,9	549,6
Дебет (төлеуге)	1 989,8	2 337,4	465,9	600,2	614,0	657,3	1 506,4	454,0	571,2	481,3
Капиталмен операциялар шоты	269,6	288,1	12,3	254,5	13,5	7,9	175,2	55,3	104,9	15,0
Кредит (алуға)	280,5	293,4	14,3	255,1	14,4	9,6	188,5	56,5	115,9	16,1
Дебет (төлеуге)	10,9	5,2	2,0	0,6	0,8	1,8	13,3	1,2	11,0	1,1
Қаржылық шот	-8 617,6	-7 635,7	-2 387,9	-1 060,2	-2 690,6	-1 497,0	799,7	-17,1	372,2	444,6
Тікелей инвестициялар	-13 426,1	-3 697,7	-1 950,6	-1 213,1	280,4	-814,4	-4 885,0	-3 487,4	-593,1	-804,5
Қаржылық активтерді таза алу	3 474,6	956,5	458,7	1 035,0	709,6	-1 246,8	-3 647,8	-2 506,2	-868,2	-273,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	16 900,7	4 654,2	2 409,3	2 248,1	429,2	-432,4	1 237,2	981,2	-275,1	531,0
Портфельдік инвестициялар	746,2	-5 398,3	1 229,3	-3 362,0	-6 107,5	2 841,9	3 047,8	1 642,6	374,4	1 030,8
Қаржылық активтерді таза алу	-1 250,2	-3 246,9	1 378,3	-1 507,9	-5 436,3	2 318,9	-1 915,1	124,8	-738,4	-1 301,4
Міндеттемелерді таза қабылдау	-1 996,4	2 151,4	149,0	1 854,1	671,3	-523,0	-4 962,8	-1 517,8	-1 112,8	-2 332,2
Туынды қаржы құралдары (резервтерден басқа) және қызметкерлер үшін акциядағы опциондар	-24,8	115,5	83,9	59,8	-20,4	-7,8	109,6	0,5	71,6	37,4
Қаржылық активтерді таза алу	-22,1	-31,7	-41,3	36,5	-24,1	-2,7	71,6	57,9	-3,1	16,9
Міндеттемелерді таза қабылдау	2,8	-147,2	-125,3	-23,3	-3,7	5,2	-38,0	57,4	-74,7	-20,6
Басқа инвестициялар	4 159,0	2 962,3	-1 189,6	3 768,9	1 864,6	-1 481,8	3 400,2	2 720,4	608,7	71,1
Қаржылық активтерді таза алу	7 050,6	3 944,9	-1 234,5	3 339,7	2 933,3	-1 093,6	3 426,5	2 205,0	1 018,3	203,2
Міндеттемелерді таза қабылдау	2 891,7	982,6	-44,9	-429,2	1 068,6	388,1	26,2	-515,4	409,6	132,1
Резервтік активтер	-71,7	-1 617,4	-561,0	-313,8	1 292,3	-2 034,9	-872,9	-893,1	-89,5	109,7
Таза қателер және қалып қойғандар	-2,2	-2 534,3	-942,4	187,0	-1 027,2	-751,7	1 112,2	531,8	331,0	249,4

Қазақстан Республикасының төлем балансы: стандарттық ұсыным

(млн.АҚШ доллары)

	2016	2017	2017				2018 9 ай	2018		
			I	II	III	IV		I	II	III
Ағымдағы операциялардың шоты	-8 885,0	-5 389,5	-1 457,7	-1 501,7	-1 676,9	-753,2	-487,6	-604,2	-63,7	180,3
Тауарлар	9 193,2	17 347,5	4 297,0	4 204,3	3 586,7	5 259,5	19 854,5	6 393,5	6 611,0	6 850,0
Кредит (Экспорт)	37 262,5	49 454,9	11 022,6	12 529,6	11 800,1	14 102,5	45 358,9	14 167,5	15 245,1	15 946,2
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	37 239,9	49 413,4	11 044,2	12 524,1	11 751,8	14 093,2	45 349,4	14 165,1	15 245,0	15 939,4
ресми статистика	36 736,9	48 503,3	10 874,0	12 293,3	11 470,6	13 865,4	44 463,8	13 896,1	14 970,5	15 597,3
түзетулер	502,9	910,1	170,2	230,7	281,3	227,9	885,6	269,0	274,5	342,1
Шетелдегі тауарларды қайта сату шеңберіндегі тауарлардың таза экспорты	8,5	41,5	-21,6	5,6	48,3	9,3	6,0	1,5	-1,1	5,6
Монетарлық емес алтын	14,2	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	3,4	1,0	1,2	1,2
Дебет (Импорт)	28 069,3	32 107,3	6 725,6	8 325,3	8 213,4	8 843,0	25 504,4	7 774,1	8 634,1	9 096,2
Төлем балансы әдіснамасы бойынша негізгі тауарлар	28 049,5	32 078,1	6 721,7	8 317,4	8 205,0	8 834,0	25 504,3	7 774,1	8 634,1	9 096,2
ресми статистика	25 376,7	29 599,6	6 126,6	7 682,3	7 500,5	8 290,2	23 719,3	7 199,4	8 077,2	8 442,7
түзетулер	2 672,7	2 478,5	595,0	635,1	704,5	543,8	1 785,1	574,7	556,9	653,5
Монетарлық емес алтын	19,9	29,2	4,0	7,9	8,4	8,9	0,0	0,0	0,0	0,0
Қызметтер	-4 756,0	-4 418,7	-931,6	-1 083,0	-1 112,8	-1 291,2	-3 117,2	-918,8	-998,5	-1 199,9
Кредит (Экспорт)	6 306,8	6 439,0	1 463,2	1 629,2	1 743,0	1 603,6	5 227,2	1 502,5	1 820,3	1 904,5
Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өңдеу бойынша қызметтер	6,5	8,7	0,3	2,7	2,8	3,0	7,3	1,0	4,5	1,8
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	38,4	48,3	8,0	13,9	14,4	12,0	37,7	8,3	17,0	12,5
Көлік қызметтері	3 542,3	3 539,6	898,0	890,9	886,6	864,2	2 885,1	868,1	1 006,5	1 010,6
Жолаушы тасымалдау	167,5	208,8	34,6	59,7	63,2	51,3	297,7	58,4	120,4	118,9
Жүк тасу	3 166,6	3 047,4	802,0	757,4	749,0	739,0	2 329,0	737,4	793,2	798,4
Өзгелері	200,1	273,6	58,9	72,0	72,5	70,1	251,0	70,7	89,2	91,0
Пошта қызметтері және курьерлік байланыс қызметтері	8,1	9,8	2,4	1,8	1,8	3,8	7,4	1,6	3,6	2,2
Жол жүру	1 548,5	1 780,5	320,6	471,1	577,7	411,2	1 506,7	386,5	520,8	599,4
Құрылыс	276,3	184,2	41,5	38,6	47,3	56,8	112,9	21,2	41,0	50,8
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	56,8	84,2	28,2	13,9	14,9	27,1	66,7	19,2	22,3	25,1
Қаржылық қызметтер	20,0	19,6	4,1	5,2	4,9	5,5	14,0	3,9	6,6	3,5
Басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік меншікті пайдалану үшін төленетін ақы	1,1	0,7	0,1	0,4	0,2	0,1	2,2	0,6	0,8	0,8
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	124,1	116,3	27,2	27,8	29,8	31,6	88,2	26,6	33,0	28,6
Басқа да іскерлік қызметтер	481,6	418,5	91,0	107,6	99,9	120,0	345,3	116,0	111,0	118,2
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	6,3	5,7	1,3	0,8	1,2	2,3	4,1	0,6	0,8	2,6
Кәсіптік қызметтер және басқару саласындағы консультациялық қызметтер	99,4	111,2	26,6	24,5	25,8	34,2	82,7	27,7	29,0	25,9
Техникалық, саудамен байланысты және өзге де іскерлік қызметтер	375,9	301,7	63,1	82,2	72,9	83,5	258,5	87,7	81,2	89,7
Жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтер	0,2	0,4	0,1	0,1	0,1	0,2	0,9	0,5	0,2	0,2
Басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер	211,0	237,8	44,0	57,1	64,6	72,1	160,2	50,5	56,7	53,0
Дебет (Импорт)	11 062,8	10 857,6	2 394,7	2 712,2	2 855,8	2 894,8	8 344,5	2 421,3	2 818,8	3 104,3
Басқа жаққа тиесілі тауарларды қайта өңдеу бойынша қызметтер	125,8	160,6	44,0	39,6	35,1	41,9	146,1	54,7	52,4	38,9
Басқа санаттарға жатқызылмаған жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер	261,2	325,5	110,1	51,8	74,9	88,8	306,5	77,5	108,6	120,3
Көлік қызметтері	1 458,4	1 608,1	328,4	430,0	408,4	441,2	1 337,2	394,2	460,3	482,7
Жолаушы тасымалдау	111,4	94,9	21,0	25,8	28,1	20,0	73,2	18,3	25,6	29,4
Жүк тасу	1 194,4	1 335,3	275,7	351,1	334,0	374,4	1 073,5	327,6	360,7	385,2
Өзгелері	132,2	168,1	29,0	50,7	43,9	44,5	183,6	46,2	71,7	65,7
Пошта қызметтері және курьерлік байланыс қызметтері	20,4	9,7	2,7	2,4	2,4	2,3	6,9	2,1	2,4	2,3
Жол жүру	1 657,8	1 790,6	358,4	440,9	590,5	400,8	1 456,5	390,2	479,7	586,6
Құрылыс	2 191,5	1 797,6	319,9	562,7	495,3	419,6	609,4	95,1	297,4	217,0
Сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қызметтер	46,2	44,2	14,6	12,0	9,5	8,1	34,1	12,9	13,6	7,6
Қаржылық қызметтер	388,0	195,2	44,1	38,0	58,5	54,7	181,3	54,9	74,6	51,8
Басқа санаттарға жатқызылмаған зияткерлік меншікті пайдалану үшін төленетін ақы	126,9	116,4	17,7	29,6	29,2	39,9	118,8	31,4	35,4	52,0
Телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызметтер	272,2	298,1	69,9	64,6	57,7	105,8	287,8	81,6	92,8	113,4
Басқа да іскерлік қызметтер	4 296,4	4 300,3	1 040,6	1 003,8	1 057,1	1 198,8	3 739,7	1 186,0	1 166,3	1 387,5
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	12,7	10,1	2,1	1,1	1,0	5,8	6,8	1,7	2,3	2,7
Кәсіптік қызметтер және басқару саласындағы консультациялық қызметтер	1 411,6	840,5	218,9	183,7	200,8	237,1	1 141,6	360,5	361,1	420,0

	2016	2017	2017				2018 9 ай	2018		
			I	II	III	IV		I	II	III
Техникалық, саудамен байланысты және өзге де іскерлік қызметтер	2 872,2	3 449,7	819,6	818,9	855,3	955,8	2 591,4	823,8	802,8	964,8
Жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер және мәдениет пен демалыс саласындағы қызметтер	57,2	87,6	11,5	13,6	13,4	49,1	37,7	10,0	12,6	15,1
Басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызметтер	181,3	133,6	35,5	25,7	26,3	46,0	89,4	32,8	25,1	31,4
Бастапқы кірістер	-12 928,8	-17 861,5	-4 727,8	-4 511,3	-4 034,1	-4 588,3	-17 233,8	-6 049,8	-5 645,8	-5 538,2
Кредит (алуға)	2 256,3	2 448,3	550,1	611,4	620,1	666,6	1 969,1	619,2	667,6	682,4
Қызметкерлерге еңбекақы төлеу	3,9	3,9	1,0	1,0	1,0	1,0	2,9	1,0	1,0	1,0
Инвестициялық кірістер	2 112,6	2 309,3	515,4	576,6	585,4	631,9	1 864,9	584,4	632,9	647,6
Тікелей инвестициялар	597,8	795,5	163,3	199,5	197,3	235,4	496,8	156,2	156,0	184,6
Капиталға қатысушы құралдардан және инвестициялық қорлардың пай/акцияларынан кірістер	113,2	266,0	33,5	64,4	59,1	109,0	254,2	54,2	78,3	121,7
Дивидендтер және бөлінген пайда	196,4	172,4	3,6	45,3	35,8	87,7	194,1	34,0	55,8	104,3
Қазақстандық тікелей инвесторлардың шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындарының капиталына қатысуы	196,4	172,4	3,6	45,3	35,8	87,7	192,7	34,0	55,8	102,9
Қазақстандық тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей инвесторлардың капиталына қатысуы (кері инвестициялау)	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0
Қазақстандық кәсіпорындардың шетелдік тел кәсіпорындардың капиталына қатысуы	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	1,4	0,0	0,0	1,4
Қайта инвестицияланған кірістер	-83,1	93,6	29,9	19,1	23,3	21,3	60,1	20,2	22,5	17,4
Сыйақы (пайыздар)	484,6	529,5	129,8	135,1	138,2	126,4	242,6	102,0	77,7	62,9
Қазақстандық тікелей инвесторлардың шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындарына қойған талаптары	11,5	12,4	3,0	3,1	3,1	3,3	11,3	3,9	3,7	3,6
